

марапатталған. Батырға Қазақстанның "Отан" ордені, Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан Момышұлы атындағы сыйлығы берілген, А.Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты.

Шығармашылығы:

1954 жылы орыс тілінде «Жас партизандар» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Одан кейінгі кездерде

«Илько Витряк»

«Переяслав партизандары»

«Ажал аузынан»

«Жау тылындағы бала»

«Днепрде»

«Жау тылында»

«Партизан соқпақтары», тағы басқа әңгіме, очерк, повесть жинақтары оқырман қолына тиді.

Бұл шығармалары орыс, украин, басқа да көптеген тілдерге аударылған. Кейінгі кездері «Елімнің ертеңіне сенемін»

«Естеліктер мен жазбалар», тағы да басқа кітаптары жарық көрді.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010ж.

2. Әзілхан Нұршайықов « Ақиқат пен аңыз», газеттер, журналдардан т.б.

3.«Совет Одағының қазақстандық батырлары» Қазақстан баспасы Алматы 2000 жыл

4. Аңызға айналған жеңімпаздар.- Алматы: Мектеп, 1984.- 144б.- (Әскери-патриоттық тәрбие кітапханасы)

5. «Қазақтар.Казахи» Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық 2-том «Тарихи тұлғалар».

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ, ОЙЫНДАРМЕН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕСІ

Аметов Д.Ж., Бакенов А

М.Жұмабаев атындағы мектеп-гимназия

Байзаков Е.Т.

Шет жалпы білім беру мектебі

Саденова А.А.

Шет ауданы Ақжал негізгі орта мектебі

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлттық ойындар. Бүгінде ойынды халық педагогикасының құрамды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі де жайдан-жай емес.

Қазақ халқы – материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлттық ойындар жатады. Бүгінгі замандастарымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың оны оқып үйрене отырып, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуларына,

көздеген мақсаттарын саралап, жете білулерін, дәстүрлер жалғасын өрістете отырып, өткен мен бүгінгі байланыстыра тосқауыл қоюларына септігін тигізбек [1].

Қазақтың ұлттық спорт ойындарының өзіндік тарихы, даму жолдары, калыптасу кезеңдері бар. Тарихи деректерге қарағанда бізге жеткен ұлттық ойындардың біразы сонау көне заманнан басталады. Ұлттық ойындар қоғамның өзгеруіне байланысты және сол қоғамдағы әлеуметтік – экономикалық жағдайларға сәйкес толығып, тұрмысқа терең сіңіп, өзгерістерге ұшырап отырған.

Тарихи деректерге қарағанда, балаларды жас шамалары өскен сайын шыдамдылықты, алғырлықты, ептілікті, батырлықты талап ететін және оларды қоршаған ортаның табиғи жағдайына байланысты қолдана алатын етіп тәрбиеледі.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында калыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді [2].

Алғашқы топтама еңбектің тарихнамалық тізгінін Ә.Диваевтың еңбегін талдаудан бастайық. Ол өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады

Ұлттық ойындар оқушының сабақта алған ілімін тәжірибе қолдана білуін, дене тәрбиесіне қызығушылығын арттырып, оны ынталандырудың құралы боуы үшін ойындарды жүйеге келтіру қажет. Осы ұстанымға сүйене отырып: еңбек- тұрмыс ойындары, дене шынықтыру – спорт ойындары, ойлау арқылы орындалатын ойындары топтарына бөлдік.

Еңбек –тұрмыс ойындары:

-ойын- сауық ойындары

-тұрмыс-салт ойындары;

-әдет-ғұрып ойындары;

-жануарларға байланысты ойындар;

-аңшылыққа байланысты ойындар.

-ойын- өлең араласып келетін ойындар – деп топтастыруға болады.

Бұл ойындардың барлығы адамгершілікке, адам арасындағы қарым-қатынас мәдениетін меңгертуге, қарым-қатынасты бағалауға үйретіп, әр адамның өзін-өзі бағалап, өзіне өзі білім беруге, өзін-өзі тәрбиелеу жетелеу функцияларын орындайды.

Ұлттық ойындарды қолданудың қажеттілігін саналы қабылдауы дегеніміз оқушының өз денсаулығын нығайтуға, денесін шынықтыруға ұлттық ойындарды қолдануға ұмтылуы. А.Маслоудың адам қажеттіліктерін қанағаттандыру мотивтері туралы теориясына сүйене отырып әр адамның өз денсаулығын нығайтуға деген қажеттілігін қалыптастыру барысында ұлттық ойындардың қазақ халқының санасына жақындығы көрсетіледі.

Осы қорытындыға сүйене отырып әр адамның дене шынықтыру мүдделері өз халқының құндылықтарымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен тығыз байланыстылығын көрсету арқылы баланың ұлттық ойындарға деген қызығушылығын нығайту және спорттың бұл түріне деген позитивтік көзқарастарын қалыптастыру деп анықталған.

Ұлттық ойындарымызды өткізу кезінде қимыл әсемдігі туралы ұмытуға болмайды. Эмоционалды сауықтыру, танып білу және тәрбие беру компоненттерінің қимыл ойындарына енгізілген бүкіл комплексін пайдалану жан-жақты тәрбие беру міндетін жүзеге асыруға көмектеседі [3].

Ұлттық қозғалмайлы ойындар оқушылардың ақыл-ойын дамытуға көмектеседі. Ойын әрекеті зейінділікті, ұлтымыздың қадір-қасиетін ұғынуды, түсінікті бағдарды анықтауды, қиялдауды, есте сақтағыштықты, тапқырлықты, ой сергектігін дамытуға көмектеседі.

Адам тәрбиесі жүйесінен Міржақып Дулатов дене тәрбиесін ерекше бөліп қарады. Балалардың дене шынықтыру, жастық шақтан және күнде көріп, араласып жүрген тұрмыс-өмірден алынуы, ол ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары арқылы іске асырылуы тиісті дей

келе, мынадай ойындар ұсынды: Ай-құлақ, дүмпілдек, марламқаш т.б., олар – балалардың әртүрлі қасиеттерін дамытуды көздейтін көргіштік, сезгіштік, жылдамдық, тапқырлыққа баулитын ойындар.

Жоғарыда көңіл аударған Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Шәкерім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов т.б. көздеген маңызды мақсатар- адам баласына дұрыс тәрбие берудің мәнді жолдары.

Қазақ ағартушылары тәрбие процесінде ұлт салт-дәстүрінің алатын орнын, дене тәрбиесіндегі халық педагогикасының мүмкіндігін пайдалана отырып, жан-жақты үйлесімді адам тәрбиелеудің дұрыс жолын айқындап берді.

Қазақ халқының өмірінде төрт түлік мал барлық уақытта шешуші орын алған. Бүкіл ғұмырын мал өсірумен өткізген қазақтың этнографиялық даму ерекшелігі, қуанышы мен реніші де осы малына байланысты болды. Себебі, төрт түлік мал кесе киімі, жесе тамағы, мінсе көлігі, шөлдесе сусыны болды

Сондықтан да малдың сан қилы қасиеттерін өте жоғары дәріптеп бағалады. Оларды мақұлықтар дүниесінің өкілі деп ұқпай, адамның өмір сүруінің негізгі тірегі мен жан серігі, тіршіліктің қайнар көзі деп түсінді[4].

Міне осындай, экономикалық құрылыстың негізінде төрт түліктің қасиеті бүкіл мәдениеттің, соның ішінде ұлттық ойындардың дамуының негізгі тірегі болды.

Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды дене тәрбиесінде қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық ойындар оқушылардың жоғары имандылық, дене қабілеттері мен қасиеттері рухын себуде маңызды құралдардың бірі саналады. Ұлттық ойындар ішінде тәрбие мен үйрету әдістері тәсілдерінің тұтас бір жүйесі қалыптасқан, олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халық өмірінің барлық жақтарын бейнелейтін дәстүрлі білім мен дағдылардың, шеберліктің жиынтығы ретінде игеріледі.

Өндірістік құралдарды пайдаланудың барысында ату, лақтыру, тартысу ойындары: садақ ату, найза лақтыру, арқан тарту, тік ағашқа өрмелеу күрес сияқты әскери – қолданбалы ойындар дамыды.

Сонымен қатар жүгіру, секіру, қарғу жарыс ойындары құрал – жабдықсыз ойналатын ойындардың негізін салды деп пайымдауымызға әбден болады деп есептейміз. Қазіргі таңда ұлттық ойындарды денешынықтыру сабақтарында және тұрмыста қолданудың кезі келді деген пікірдеміз. Сондықтан келешекте ұлттық ойындарды тереңнен зерттеп, ғылыми тұрғыда негіздеу бойынша жұмыстар көп болады деген сенім артамыз.

Әдебиеттер:

1.Тайжанов С., Қасымбекова С. Қазақтың ұлттық ойындары. // Мектептегі дене шынықтыру. 2007ж № 6 .22б.

2.Тоқай Р. Ұлттық қозғалыс ойындары- асыл қазына. //Мектептегі дене шынықтыру. 2006ж № 7 24б.

3.Асарбаев А. Ертедегі қазақтың ұлттық ойындары. // Мектептегі дене шынықтыру. 2007ж № 6. 6 б.

4.Шегенбаев Н.Б. «Оқушылар дене тәрбиесі жүйесінің тиімділігін ұлттық ойындар негізінде жетілдіру». Автореферат. пед.ғылым.кан.Алматы,2004 14-15б.

Сармантаев А.С., Жұмамұратов Б.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Сармантаева Т.К.

Керней тірек мектебі «ресурстық орталық» КММ, Қарағанды қ.

Әлім М.К.

«Сарыарқа дарыны» қосымша білім беру практикалық орталығы КММ, Қарағанды қ.